

3. Аширбагина Н.Л. Педагогические условия развития толерантности у студентов учреждений системы среднего профессионального образования в процессе обучения: [Электронный ресурс] : Дис. ... канд. пед. наук : 13.00.01. – Омск: РГБ, 2006

Рағатова Мөлдір Олжабайқызы

ҚМПИ құқық магистрі, аға оқытушы, Қостанай қ-сы;

Балықбаева Гүлнар Шарифжанқызы

АрМПИ педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы, Арқалық қ-сы;

Жұмабаева Жания Нұрғазықызы

ҚМПИ тарих ғылымдарының магистрі, оқытушы, Қостанай қ-сы.

БІЛІМ БЕРУ РЕФОРМАСЫНДАҒЫ КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

АННОТАЦИЯ

Мақалада білім беру реформасындағы бағалау мәселесі қарастырылған. Соның ішінде авторлар критериалды бағалаудың теориялық аспектісіне тоқтала отырып, оның ерекшеліктерін ашуға тырысқан.

Түйінді сөздер: *реформа, модернизация, бағалау, критериалды бағалау, қалыптастырушы бағалау, жиынтықты бағалау*

АННОТАЦИЯ

В данной статье рассматривается оценивание в реформировании образования. Авторы остановившись на теоретическом аспекте критериального оценивания пытаются раскрыть его особенности.

Ключевые слова: *реформа, модернизация, оценивание, критериальное оценивание, формативное оценивание, суммативное оценивание*

ABSTRACT

This article discusses the evaluation of educational reform. Authors focusing on the theoretical aspect of the criteria-based assessment trying to discover its features.

Keywords: *reform, modernization, evaluation, criteria-based assessment, formative assessment, summative assessment.*

Қазақстан білім саласында кең көлемді реформалар жүргізіліп жатқан мемлекеттер қатарына кіреді. Бұл реформаның мемлекетіміз үшін, мемлекетіміздің болашағы үшін маңызы зор. Қазақстан Республикасының Президенті, Елбасы Н.Ә.Назарбаев жыл сайынғы халыққа жолдауында білім саласына ерекше көңіл бөлуі бұған дәлел.

Мемлекетіміздің болашаққа бағыт-бағдар беруші негізгі құжаты «Қазақстан 2050» Стратегиясында: «Біздің басты мақсатымыз - 2050 жылға қарай мықты мемлекеттің, дамыған экономиканың және жалпыға ортақ еңбектің негізінде берекелі қоғам құру» [1] деп, Қазақстанның алдыңғы қатарлы жоғары дамыған 30 мемлекеттің қатарына кіру үшін нақты мақсаттар жүктелген болатын. Бұл мақсатқа жету үшін білім саласындағы модернизациялау басты бағыттардың біріне айналып отыр.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында: «Қазақстандағы білім беру реформаларының жалпы мақсаты білім беру жүйесін жана әлеуметтік-экономикалық ортаға бейімдеу болып табылады. Болашақтың табысты экономикасы білім беруіне, халықтың дағдылары мен қабілетіне инвестициялайтындар болмақ. Білім беруді әлеуметтік қажеттіліктерге жұмсалатын шығындар ретінде ғана емес, экономикалық инвестиция ретінде түсіну қажет. Білімге негізделген экономика және қоғам, өмір бойы оқыту - бәсекеге қабілеттілік пен жаңа технологияларды қолдану проблемаларын шешудің, әлеуметтік бірлікті, тең мүмкіндіктер мен өмір сапасын жақсарту тәсілдері болуы тиіс» [2] деп білім берудің негізгі мақсаты айқындалған.

Білім саласында жүргізіліп жатқан реформалар әлем тәжірибесіне негізделіп отыр. Осы салада 2011 жылдың қараша айында құрылған «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығының қызметін ерекше айтып кетуге болады. Аталмыш орталық қызметінің негізгі бағыттарының бірі әлемдік тәжірибеге сәйкес қазақстандық педагогтердің біліктілігін арттыру. Мектеп мұғалімдерінің, педагогикалық ЖОО оқытушыларының біліктілігін арттыруда орталық жеті модульден тұратын курстар жүргізуде. Әр модуль білім беру саласындағы өзекті проблемаларды қамтыған. Соның ішінде бізді қызықтырған модуль оқу үшін бағалау және оқуды бағалау болып отыр.

Бағалауды жаңғырту білім беру процессінде кез-келген жүйелі өзгерістерге мүмкіндік беру үшін қажет. Жаһандық өзгерістер білім алушылардың болашақта еңбек нарығында олардың жетістіктері үшін қажетті дағдылармен қамтамасыз етуін талап етеді. Бүгінгі күні функционалды сауаттылықты дамыту білім, түсіну, қолдану, жүйелеу және жинақтау сияқты критерийлер бойынша оқу жетістіктерін бағалаудың жаңа тәсілдерін талап етуде. Мектеп оқушыларының білімін бағалауда қолданылып жүрген жүйедегі бағалар (2,3,4,5) не үшін қойылатындығы нақты анықталмаған және субъективті деңгейде қалып отыр. Бағалау қызметі білім алушыға анық, әділ, әрі түсінікті болуы керек. Ал ол үшін бағалауға қойылатын критерийлер нақты болғаны жөн. Әлемнің бірнеше елдерінде бүгінгі күні критериалды бағалау қолданылуды. Қазақстанда бағалаудың бұл түрін Назарбаев Зияткерлік мектептері оқу процесінде кеңінен қолдануда.

Бағалау - оқу дәлелдері жоспарлы және жүйелі жинақталатын және де оқу сапасы туралы қорытынды қабылдау үшін қолданылатын кез келген қызметті сипаттайтын ұғым. Бұл ұғым екі аспектіні көздейді: оқуды бағалау және оқу үшін бағалау. Бағалаудың түрлі нысандары олардың оқуды жақсарту әлеуеті тұрғысынан сипатталған және бағытталған. Оқуды критериалды бағалауды зерделеуге бағытталған. «Бағалау» термині «жақын отыру» деген сөзді білдіреді. Бір адам басқа адамның не айтып, не істегенін немесе өзін өзі бақылау жағдайында өзінің дербес ойлауын, түсінігін, тәртібін мұқият бақылауы болып табылады. Бұл ресми тестілер, емтихандардан бастап, мұғалімдер күніне жүз рет өткізетін бейресми бағалауға дейінгі бүкіл бағалау түрлерін қамтиды. Бір тестілер қолдағы қарындаш пен қаламның көмегімен жүргізілсе, басқалары сыныптағы әдеттегі сөйлесу кезінде сұрақ қоюға негізделеді. Бағалаудың барлық түрлеріне жалпы сипаттамалар тән және олар төмендегілерді қамтиды:

- қадағалау;
- алынған мәліметтер интерпритациясы;
- бұдан арғы іс-әрекеттерді анықтауға бағытталған қорытынды.

Мұғалімнің бағалаудағы ролі:

- Мұғалім тәлімгер ретінде - кері байланысты және әр оқушыға қолдау көрсетуді қамтамасыз етеді;

- Мұғалім жетекші ретінде - топтағы ағымдағы жұмыс үдерісіне алып жүру үшін диагностикалық ақпарат жинастырушы;

- Мұғалім есепке алу маманы ретінде - оқушылардың өсуі мен жетістіктері туралы жазу;

- Мұғалім баяндамашы ретінде - оқушылардың өсуіне қатысты ата-аналарына, оқушыларға және мектеп әкімшілігіне баяндау.

Оқу үшін бағалаудың негізгі сипаттамалары:

1. Оқыту мақсатымен бөлісу.
2. Алда не күтіп тұрғанын оқушылардың білуіне көмектесу.
3. Өзін-өзі және құрбыларын бағалау.
4. Оқушылардың жақсарту үшін не қажет екендігіне көмек беретін пікірлермен

қамтамасыз ету.

5. Оқушылардың өздерін жетілдіре алатынына сенімділігін дамыту.

6. Өзара бірлесіп бағалау туралы ақпаратты талдау және ойластыру.

«Критериалды бағалау» анықтамасын алғаш рет 1963 жылы Роберт Глейзер енгізген болатын. Критериалды бағалаудың мәні оқушының іс-әрекеті алдын-ала белгілі критерийлер арқылы бағаланатындығында.

Критериалды бағалау Пиаженің конструктивистік теориясына сүйенеді. Яғни оқушының білгені, үйренгені және қандай дағдыларды меңгергені негізінде өз түсінігін қалыптастыратын тұлға ретінде қарастырылады. Және де критериалды бағалау технологиясы арқылы оқушылардың оқу-танымдық құзыреттіліктерін қалыптастырып дамытуға болады.

Пиаженің ойынша, оқыту мен оқуды жаңа материалда біріктіріліп, оқушының түсінігі мен тәжірибесіне енгізілуі қажет. Бұл оқушыларға өз кезегінде дағдыларын дамытуға, рефлексия арқылы негізгі ұстанымдарын болашақта қолдануға мүмкіндік береді. Әрбір білім беру бағдарламасында сыныптар бойынша пәнді меңгеруге қажетті дағдылар тұрғысынан оқу мақсаттарында күтілетін нәтижелер анықталады [3].

Критерийлер - оқытудың міндеттерін жүзеге асыратын өлшемдер, атап айтқанда, оқушылар жұмыс барысында орындайтын іс-әрекеттер тізбесі.

Критериалды бағалау жүйесі оқушының белсенділігін арттыруды, оқу үдерісінде жарыса, бәсекелесе білім алуға қол жеткізеді.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Білім сапасын бағалау департаменті қабылдаған «Критериалды бағалаудың кіріктірілген моделі» әдістемелік нұсқаулығында критериалды бағалауға мынадай анықтама берілген: «Критериалдық бағалау - бұл білімнің мақсаты мен мазмұнына сәйкес келетін, оқушылардың оқу-танымдық біліктілігін қалыптастыруға себепші болатын, айқын анықталған, ұжыммен шығарылған, білім процесінің барлық қатысушыларына алдын ала белгілі критериялармен оқушылардың оқу жетістіктерін салыстыруға негізделген процесс» [3].

Критериалды бағалау келесі міндеттерді шешеді:

1. Бағаны оқушы үшін де, оқытушы үшін де объективті және әділ көрсету;
2. Білім алушыға білімінің шегін анықтауға мүмкіндік беру;
3. Білім алушы мен білім берушіге объективті және қолдаушы кері байланысты орнату.
4. Білімді меңгерудің жыл аяғындағы ғана емес, күнделікті білім алудың даму динамикасын айқындауы;
5. Білім алушы сабаққа қызығушылығын, белсенділігін арттыруы. Бағаға қарсы теріс көзқарастың болмауы;
6. Білім алушы білімінің жүйеленуі, тереңдеуі, есте сақтауы. Білім алушыны табандылық пен шыдамдылыққа тәрбиелеуі;
7. Білім алу барысындағы қиындықты, қателікті, білім олқылықтарын және оның себептерін дер кезінде анықтауы;
8. Білім алушының білім алу үдерісін қадағалап, дәл және жедел түрде сапалы білім алғаны жөнінде кері байланыс ақпаратын алуы;
9. Білім алушының барлық жұмыс түрлерін бағалауы. (өзіндік жұмыс, ағымдағы бағалау, қорытынды бақылау, тренинг, үй жұмысы, шығармашылық т.б)
10. Баға сапасын арттыру.

Осы міндеттерді шешуде бағалауға қойылатын критерийлердің маңызы зор. Бағалау критерийлерін дайындауда оқытушы білім алушының ойын ескере отырып жасағаны абзал.

Критериалды бағалау қалыптастырушы бағалаудан, ішкі жиынтық бағалаудан және сыртқы жиынтық бағалаудан тұрады.

Қалыптастырушы бағалау (ҚБ) - оқу бағдарламасына сәйкес сабақ беру және оқыту бөлігі ретіндегі мұғалімдердің жүргізетін ағымдағы бағалауы.

Ішкі жиынтық бағалау (ІЖБ) - тоқсан аяғында оқу блогын оқып бітіруде оқу дағдыларын және білімнің қалыптасқанын анықтайтын, мектептердің өзі дайындап және өткізетін бағалауы.

Сыртқы жиынтық бағалау (СЖБ) - бастауыш, негізгі және жоғарғы мектептерді бітіргенде куррикулум және бағалау моделіне сәйкес оқу дағдыларын және білімнің

қалыптасқанын анықтайтын, мектептен тыс сыртқы ұйымдар дайындап және өткізетін бағалау.

Заманауи бағалау жүйесі білім алушыны мақсат қоюға, мәселені көтеріп, оның түйінін шешуге, жоспар әзірлеуге, оны жүзеге асыруға, өз жұмысын талдауға, тұжырым жасауға, өзін-өзі бағалауға, бір сөзбен айтқанда функционалдық сауаттылыққа үйретеді.

Қазіргі заман талабына сай критериялды бағалау болашақ мамандарды даярлауда бүгінгі білім беру жүйесінде зор маңызға ие. Өйткені оқушылардың білімділігі ғана басты рөлде емес, басты рөлде оқушының құзіреттілігін, оның жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту, қоршаған ортамен дұрыс қарым-қатынасу, өзін-өзі дамыту, өзіндік білімін көтеру сияқты мақсаттар қойылған. Критериялды бағалау бұл мақсаттар мен міндеттердің барлық талаптарына сай орайластырылған.

Критериялды бағалаудың басты ерекшелігі: алдын-ала ұсынылған бағалау шкаласы; анық, айқындылығы; бағаның әділдігі; өзін бағалауға мүмкіндіктің берілуі. Келешекте Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламасы аясында ұйымдастырылған курста алынған білімдерді тәжірибеімізде ұштастыру жоспарлануда.

Әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. Ену тәртібі: <http://www.inform.kz/kaz/article/2518877>

2. «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығы. Ену тәртібі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1000001118>

3. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Білім сапасын бағалау департаменті «Критериялды бағалаудың кіріктірілген моделі». Ену тәртібі: <http://nis.edu.kz/kz/programs/criter-eval/leg-doc/>

Разумова Лидия Павловна
магистр педагогических наук,
преподаватель, КГПИ, г. Костанай

ПРОБЛЕМА ФОРМИРОВАНИЯ НРАВСТВЕННОГО ВОСПИТАНИЯ МОЛОДЕЖИ В ВЫСШЕМ УЧЕБНОМ ЗАВЕДЕНИИ

АННОТАЦИЯ

Бұл мақалада жоғары оқу орының жастардың адамдық тәрбиелік құралымының негізгі мәселелері қарастырылады. Студенттердің ғылыми-педагогикалық тәрбиелік құрылым негіздерінің теориялық талдауына сүйенсек, негізгі себептердің қарсыласына тап боламыз

***Түйінді сөздер:** жоғары оқу орны, адамгершілік, адамның психолого - педагогикалық шарттарының тәрбие құралымы.*

АННОТАЦИЯ

В статье рассмотрены основные проблемы формирования нравственного воспитания молодежи в высшем учебном заведении. Опираясь на теоретический анализ научно-педагогических трудов по проблеме формирования нравственного воспитания студентов, выявлены основные причины, препятствующие данному процессу.

***Ключевые слова:** нравственность, формирование нравственного воспитания психолого-педагогические условия, высшее учебное заведение*

ABSTRACT

In article the main problems of formation of moral education of youth in a higher educational institution are considered. Being guided by the theoretical analysis of scientific and pedagogical works on a